


Астана қаласының
мәдени мұрасы
Культурное наследие города Астаны



№7/2014
тамыз/август

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ МУЗЕЙІНЕ

10
жыл

«Құрметті легионның
Үлкен Крест Ордені»
2008 жылы 11 маусымда
Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына
Франция мемлекетіне ресми
іс-сапармен барған кезінде
достық қарым-қатынасты
дамытуға үлес қосқаны
үшін берілді.



A photograph showing three people engaged in archaeological excavation at the Botai site. They are working in a deep, rectangular pit. One person is using a shovel, another is using a long-handled tool, and a third is sitting on the edge of the pit. The ground is dark and appears to be rich soil. In the background, there is a grassy field under a bright sky. The text is overlaid on the lower part of the image.

Ботай – это сокровищница, которая принадлежит культуре всего мира

Ботайское поселение взято под охрану ЮНЕСКО. Случилось это в 1983 году, когда ученые впервые на Всесоюзном симпозиуме придали огласке данные о поселении Ботай

**Құрылтайшы: Қазақстан Ұлттық Комитеті
Халықаралық Мұражайлар Одағы
ИКОМ Қазақстан Президенті Ү. Д. Мұналбаева**

Редакция алқасы:

Б. Б. Мажағұлов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұразхан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал
«Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие города Астаны» № 7/2014 г.
Издается с марта 2014 года
Периодичность – один раз в месяц
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и информации РК, Управления культуры акимата города Астаны.
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана,
Кургальджинское шоссе, 2/1
тел.: +7 (7172) 24-31-72
www.atamekenmap.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7
Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м²
Обложка формата А4 плотность 250 г/м²
Заказ № 7

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.
Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией редакции. За точность публикуемых сведений и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция оставляет за собой право редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.
Журнал отпечатан в собственной типографии.
Тираж 1000 экз.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

4. Тәуелсіз елдің құжаты
6. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейінің 10 жылдығы
8. Первый юбилей отпраздновал Музей Первого Президента Республики Казахстан
10. Құрметті Легионның Үлкен Кресті Ордені
11. Бас редактор бағаны
12. «Көкдөнен көңіл заулайды аңсарым ауса»
14. Мемлекетке қазақ тілінің түйінді мәселелерін оңтайлы шешуі үшін бетбұрысты жоспар қажет
16. Загадки Ботая
22. Әлемдік мәдениет икемділігі
24. Певец из глубины веков
28. Шертпелі – жетіген
30. К древним традициям – с любовью
33. Жасыл әлем
34. «Өзімді кешірмейтін кемшіліктерім бір басыма жетіп артылады»
38. Юбилей зергера: Талантами казахская земля полнится
40. Қазақ археологиясы
42. Опера «Абай»: взглянуть по-новому
46. Түркістанды түлеткен тарихи орталық
48. Сәулетті ғимарат
50. Ресей мен Қазақстанда мұражайлық білім беру дәстүрінің қалыптасуы
52. Формирование музейно-образовательной традиции в России и Казахстане
54. Ұлттық Банк музейі
56. Рухы биік білім ошағы
58. Дәуітбек кесенесі
59. Сәкен Сейфуллин ескерткіші
60. Сәкен Сейфуллиннің шапаны
61. Әбу Райхан Әл-бируни
62. Абайдың ән әлемі
63. Қазақстан театры жүлделі орынға ие болды
64. Түйін түйген шебер
65. Мир глазами детей

Бас редактор – Әсем Сағиқызы

Бас редактордың орынбасары – Гүлжәмила Сәрсенбайқызы

Тілшілер: Татьяна Казанцева, Гүлжәмила Зайырова, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан Есен, Әсем Сағидолла,

Дизайнер: Раушан Танабаева

Фотограф: Ерсайын Болат

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ

Саяси тұрақтылық, һәм ішкі тыныштықты сақтап, барша қазақстандықтарды тәртіп пен бірлікке шақыруды мақсат тұтқан Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл міне 19 жыл толды. Ел жұрттың талқысынан өтіп, таңдауына айналған Басты құжатымыздың авторы — бүкіл Қазақстан халқы. Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тарихы да тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Біздің елімізде ең алғашқы Конституция негізін қалаушы — Қорқыт бабамыз. Бұдан кейін XIII ғасырда Шыңғыс ханның «Ұлы жосысы», XV ғасырда Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», XIV ғасырда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» болса, ал бүгінгі қыраны көкке самғап, туы биікке желбіреген тәуелсіз еліміздің Ата заңы адамзат баласының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жалпы құндылықтарын бойына сіңірді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бабалардың даналығымен қазіргі заманның рухын бірлестіріп, үйлестірген, жүзден аса ұлттармен ұлыстардың тегіне қарамастан бекіткен құжат болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» атты еңбегінде: «Конституцияны қабылдау қарсаңында ұзақ мерзімді қызу жұмыстар атқарылды. Көптеген конституциялар, әсіресе, XX ғасырдың екінші

жартысында қабылданғандары мұқият сараптаудан өткізілді. 1995-жылғы конституция тақыр жерде пайда болған жоқ. Егемен Қазақстанда конституциялық құрылыс орнату үшін бұрыннан жинақталған тәжірибелер, сондай-ақ біздің жағдайымызға сәйкес келетін ең прогресшіл шетелдік тәжірибелер барынша толық пайдаланылған еді», — деп көрсетті.

Ата Заңымыз — мемлекеттің барлық арман-мүддесін толық қамтыған, елімізде жүзеге асқан

және жүзеге асатын саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңарулар мен жетістіктердің құқықтық тұғыры болады. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы өз күшіне енгеннен кейін кеңістік сипаттағы жалған демократия мен жалаң биліктің белең алуына жол бермей, әлемдік өркениетке тән рухани құндылықтар мен саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге жол ашты. Сонымен қатар, еркіндік пен теңдік сезімдері терең, тарихи, мәдени, рухани дәстүрі бай ежелгі қазақ халқының өзіндік ұлттық даму ерекшеліктері де ескерілді. Егемен еліміздің негізгі Заңы біздің қоғамымыздағы қайта құру кезеңінің өзекті мәселелерін шешумен қатар, сынды өткелдерден сүрінбей өткізетін бас құжат болды, тәуелсіз жас мемлекеттің басқару, атқару және заң шығару орындарын, елімізде демократиялық қоғам құрудың принциптерін белгіледі.

Тарихқа үңілсек 1991 жылы Қазақ ССР-нің егемендік алып, Қазақстан Республикасы аталуы, қазақ халқының тарихындағы маңызы зор елеулі оқиға болды. Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы 1993 жылы қаңтар айының 28 қабылданып, өзінің саяси экономикалық және әлеуметтік құрылымын дамыта бастаған жаңа мемлекет қалыптасты. Қазақстан Республикасының Конституциялық дамуының екінші кезеңі 1995 жылы қабылданған, биылғы жылы қабылданғанына 19 жыл толған Конституциясы әлемдік стандартқа сәйкес келетін саяси экономикалық және әлеуметтік мәнге ие болды.

Конституция әлемдегі көшбасшы елдер – Франция мен Германия мемлекеттерінің конституцияларының негізінде қазақ халқы мен Қазақстанды мекен еткен басқа да ұлттардың ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған және көп ұлтты Республика аумағында ұлттардың бейбіт және өзара тату тұруына, өзге ұлт өкілдерінің дамуына жағдай жасау көзделген.

Конституцияда Қазақстан Республикасының

ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітілген және тұңғыш рет адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары және міндеттері нақты түрде жарияланды.

Ұлттық рухымыздың адастырмас темірқазығына айналған Конституция аясында қабылданған көптеген заңдар қоғамдық өмірдің әр саласында тиімді қолданылып, ел тыныштығы мен ұлт бірлігінің бекуіне ықпал етті, экономиканың өрлеуі мен халықтың әл-ауқатының жақсаруына жол ашты.

Конституция – саяси, экономикалық, әлеуметтік жетістіктердің жаңа белесіне құқықтық негіз берген Ата Заңымыз болып табылады. Себебі, еліміздегі барлық болып жатырған саяси, экономикалық, құқықтық шаралар осы Ата Заңымыз негізінен туындайды. Өйткені, барлық қоғамдық қатынастар тиісінше заңдармен реттеледі.

Конституцияда саяси-әлеуметтік және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеген Қазақ елінде қай салада болсын жемісті жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы еңселі, әлеуметтік жағдайы әлді, халқы тату, қорғанысы бекем, болашағы жарқын еліміз Ата Заңның аясында өркениетті елдермен терезесі тең, кең тұғырлы, еркін өмір сүруде.

«Күлліхалықтың талқысынан өтіп, елигілігіне айналған Ата Заңымыз біздің мемлекетіміздің басты төлқұжаты болып саналады. Конституция – арайлы азаттығымыздың айғағы, жарқын болашағымыздың бұлжымас бағдары. Ол елдігіміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары», – деген елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі әр қазақстандық үшін айнымас ақиқат.

Гүлжәмилә ЗАЙЫРОВА

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейінің 10 жылдығы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МУЗЕЙІ
МУЗЕЙ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MUSEUM OF THE FIRST PRESIDENT
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі өз қызметінде тәуелсіз Қазақстанның тарихын зерттейтін және насихаттайтын жетекші білім беру, коммуникациялық, мәдени ақпарат және шығарамашыл инновациялық орталық ретінде республика мұражайларының арасынан лайықты орын алып келеді.

Аталмыш Музейдің 10 жылдық мерейтойы кең көлемде конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Соның аясында «Қазіргі қоғамдағы Музей. Жаңа даму жолдарын іздестіру» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жұмысы.

Конференция мақсаты мұражайлар мен ғылыми орталықтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, академиялық және мұражай қауымдастығын біріктіру. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктердің, мемлекеттік органдардың, алыс және жақын шет мемлекеттердің ғылыми және мұражай қауымдастығының өкілдері қатысты.

Конференция барысында келісідей бағыттар бойынша секциялар жұмысы жүргізілді:

— Музейлер, кітапханалар, мұрағаттар — мәдени мұраны сақтау институттары.

— Музей және ғылым: Серіктестік. Тәжірибе. Перспективалар.

— Өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудағы музейлердің рөлі.

Конференция аясында қазіргі кезеңдегі мұражайлардың дамуы, олардың ғылыми және оқу-ағарту әлеуеті; мұражай тәжірибесіндегі интерактивтік және ақпараттық технологиялар; мұражай педогогикасы; келушілермен жұмыс жасаудың жаңа формаларына байланысты мәселелер талқыланды.

Конференция аясында мұражай ісінің мамандарына арналған өзекті мұражай мәселелері және музей педогогикасындағы инновациялық әдістер туралы шеберлік-сыныптар өткізілді.

Сонымен қатар, «Серіктестер шоқжұлдызы» музейлік форумы өтті. Музей форумына музей серіктестері, дипломатиялық өкілдіктер, Қазақстанның барлық өңірлерінен

және Астанадан аймақтық мұражай және мәдениет мекемелері қатысты. Форум мини-экспозициялар форматында әрбір мұражай қызметіндегі қор жинақтарының ерекшеліктерін, олардың насихатталу әдістері мен тәсілдерін қысқаша әрі кең түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

«Серіктестер шоқжұлдызы» музейлік форумы Қазақстанның көптеген өңірлерінің шығармашыл топтарын біріктіріп, Ақтау, Атырау, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Отырар, Павлодар, Петропавл, Тараз, Өскемен қалаларындағы музейлік жинақтардың ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік берді. Форум қонақтары әртүрлі қалалардың музейлік коллекцияларының жауһарлары болып табылатын бірегей жәдігерлерді тамашалап қана қоймай, театрландырылған қойылымның көрермені және іс-шараның интерактивті бөлімінің қатысушысы да бола алды. Келуші өзін энеолит дәуіріндегі тас диірменде жұмыс істеуші немесе Қазақстанның ұланғайыр даласын бағындыруға келген алғашқы тың игеруші адам ретінде сезінуге мүмкіндік алады. Форум бағдарламасы бойынша Астананың жас суретшілерінің планері өткізілді.

Форумның мақсаты — Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент Музейінің жетістіктерін еліміздің мұражай саласындағы негізгі нысандарын кешенді әрі кең түрде көрсету арқылы көрме, серіктестік және әдістемелік қызметі аясында мұражайаралық коммуникацияда көрсету.

Музей мерейтойына арналған мерекелік іс-шаралар барысында қонақтар Күмбезді залда орналасқан «Бізге 10 жыл» фотокөрмесі материалдарымен таныса алды. Үлкен банкет залында белгілі мүсінші Н.Қалиевтың «Ағаш құдыреті» атты көрмесі ұсынылды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі А. Мұхамедиялы:

— Құрметті достар! Мәдениет министрлігі атынан Сіздерді «Қазіргі қоғамдағы мұражай. Жаңа даму жолдарын іздестіру» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылуымен құттықтаймын. Құрылғанына небәрі он жыл толғанына қарамастан Тұңғыш

Президент мұражайы кең жұртшылыққа танымал ірі ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту орталығына айналды. Мұражайда жас қазақстандықтарға эстетикалық тәлім-тәрбие беретін, отансүйгіштікке баулитын сан алуан тақырыптағы көрмелер, мәдени-ағарту іс-шаралары тұрақты түрде өтіп тұрады. Бүгінгі осы мұражайдың бастамасымен ұйымдастырылып отырған іс-шара да соның айғағы деп білемін. Форумға Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан және т.б. елдердің ғалымдары, мұражай саласының жетекші мамандары қатысып отыр. Конференцияның күн тәртібіне енген өзекті мәселелерді қызықты пікірсайыстар негізінде талқылап, сындарлы шешімдерге қол жеткізесіздер деген сенімдемін. Сіздерге шығармашылық табыс, береке-бірлік, шалқар шабыт тілеймін!

Алма Сағынғали, ҚР Тұңғыш Президенті мұражайының директоры:

— Аталған ғимарат Елбасымыздың Астанадағы ең алғашқы резиденциясы қызметін атқарды. Мемлекеттік маңызы бар көптеген кездесулер мен келісімдер дәл осы жерде жасалған. Сондықтан біздің бұқара үшін музейдің мәні бөлек.

Гүлжәмилә ЗАЙЫРОВА

Первый юбилей отпраздновал Музей Первого Президента Республики Казахстан

К своему 10 году с момента основания в этом храме культуры и истории независимого государства готовились с особым усердием и старанием.

Как напомнила предысторию создания Музея Первого Президента страны заместитель директора этого культурного учреждения Ботагоз Каипова, «ровно 10 лет назад Глава государства подписал Указ о создании музея, который посвящен истории независимости Казахстана».

По ее информации, «так и было обозначено, что «новому Казахстану, новой Астане нужен музей, который бы повествовал о страницах становления истории независимого государства».

Он разместился в бывшей резиденции Главы государства и соответствовал своему статусу. Здесь все организовано, как и подобает, на самом высоком уровне.

Высокая планка

Об этом также засвидетельствовала в своем выступлении на юбилее директор музея А. Сагынғали.

— С самого начала создания музея нами была установлена высокая планка во всех направлениях деятельности, — говорит руководитель музея.

И в настоящее время, по ее информации, визитная карточка музея — это достойный уровень всех аспектов деятельности, начиная от качественно построенных экспозиций, включая проводимые в его стенах мероприятия культурного и научного плана, заканчивая конструктивным диалогом с партнерами и коллегами.

— И все это, в конечном счете, работает на имидж музея, — говорит директор Музея Первого Президента республики.

При этом А.Сагынғали не сомневается в том, что успехи музея — «это не только результат активного поиска и творческого подхода к работе, но и неизменный итог всестороннего анализа опыта работы отечественных и зарубежных музейных учреждений, плодотворного сотрудничества с коллегами по цеху».

Не оставляют работу и в праздник

Итак, начали праздновать свой первый юбилей в музее с проведения научно-практической конференции с весьма красноречивой темой: «Музей в современном обществе. Поиски новых путей развития».

На этой диалоговой площадке участники

были единодушны в своем стремлении наладить более тесное взаимодействие, которое сложилось ранее между музеями и научными центрами, объединениями академического и музейного сообщества, что работают в ближнем и дальнем зарубежье.

А в своем выступлении на пленарном заседании конференции министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиулы порадовал новостью о том, что в Казахстане собираются открыть филиал Государственного Эрмитажа Российской Федерации».

— Мы хотим, чтобы наши музеи стали центрами научно-исследовательской работы. Есть многие международные образцы. Особенно хотел бы отметить в этом направлении роль и значимость Государственного Эрмитажа России, потому что это действительно образец музейного дела, — сказал министр.

Далее он напомнил, что «в ближайшее время, 7 декабря весь мир будет отмечать 250-летие этого уникального заведения».

— И у нас тоже в Казахстане разрабатывается вопрос об открытии филиала государственного Эрмитажа, — поделился информацией Мухамедиулы.

При этом глава Минкультуры и спорта РК сделал акцент на том, что в Казахстане государство уделяет самое пристальное внимание музейному делу.

— Буквально недавно по поручению Главы государства Министерством культуры и спорта была разработана концепция культурной политики, где особое внимание уделяется развитию музейного дела, — сказал министр, добавив, что «Музей Первого Президента Казахстана идет по верному пути».

— Мы должны учитывать и перенимать опыт крупнейших международных организаций в области музейного дела, при этом найти свой значимый путь, — резюмировал глава Министерства культуры и спорта страны.

У Музея особая роль

В унисон министру высказался и председатель Конституционного совета РК Игорь Рогов. По его мнению, «глобализация и интеграция заставляют музеи пересматривать и обновлять методы и способы работы».

— Они становятся не только научно-образовательными, но и общественно-культурными центрами. Существенно меняется и миссия музеев, содержание которой тесно увязывается с запросами общества, — говорит Рогов.

Он назвал Музей Первого Президента «музеем новейшей истории Казахстана», потому что «в его экспозициях запечатлено становление государственного суверенитета Республики и историческая роль в строительстве независимого демократического государства Первого Президента — Лидера Нации Н.А. Назарбаева».

— Богатый фонд музея не может не восхищать. Здесь посетители получают полное представление

представлено искусство Индии, Японии, Германии и других стран.

— В рамках генерального соглашения Организации Объединенных Наций «10-летие сближения культур» мы говорим о признании во всем мире такого понятия как «единство в многообразии», — говорит заместитель руководителя музея.

А генеральный директор объединения

«Экокультура» из Санкт-Петербурга Галина Зайцев, которая в рамках юбилея проводила мастер классы по музейному делу, в интервью журналу заявила о том, что «тесное, дружеское взаимодействие музейного сообщества — это очень важная вещь».

— Пространство культуры должно всегда быть пространством доверия, — уверена Зайцева.

Тем временем праздничные мероприятия продолжились форумом «Созвездие партнеров». На этой площадке музейные и культурные учреждения Астаны и ряда областей Казахстана — партнеры Музея Первого Президента РК — представили свои мини-экспозиции. Это была демонстрация достижений Музея Первого Президента РК в межмузейной коммуникации сквозь призму выставочной, партнерской и методической деятельности музеев республики.

Плюс к этому к юбилею была приурочены фотовыставка «Нам 10 лет!» и первая персональная выставка известного мастера по дереву Нурсултана Калиева «Магия дерева».

Этот партнерский проект Музея Первого Президента РК и Атырауским областным музеем изобразительных искусств им. Ш. Сариева в рамках партнерского выставочного проекта Музея приурочен празднованию 10-летнего юбилея Музея Первого Президента РК.

Надо сказать, что работы Нурсултана Калиева как продолжателя лучших традиций декоративно-прикладного искусства Казахстана много раз были участниками республиканских коллективных выставок. И неизменно находили благодарного зрителя. На юбилейной экспозиции представлены 59 работ. В них отражена эволюция художественного таланта автора.

Также был организован пленэр для юных художников Астан и мастер-классы для специалистов музейного дела.

Праздник, как и подобает любому культурному событию такого уровня, получился ярким и насыщенным позитивными эмоциями. Отметив свой первый значимый юбилей, музей продолжит свое динамичное и стремительное развитие, как и наш суверенный Казахстан. Здесь все только начинается...

об этапах становления государственности Республики Казахстан.

Конституционный Совет тесно сотрудничает с Музеем Первого Президента Казахстана. За эти годы совместными усилиями проведен ряд мероприятий. Музей является одним из постоянных мест посещения зарубежных делегаций, совершающих визиты в Конституционный Совет, — рассказал председатель Конституционного совета страны.

СИМВОЛ ОБНОВЛЕНИЯ

А прибывшие на юбилей многочисленные гости не скрывали своих позитивных эмоций от увиденного в Музее-юбилея, а также своего восторга от красавицы Астаны.

— Менее четверти века понадобилось, чтобы в самом центре огромного континента волею многоуважаемого Нурсултана Назарбаева была создана Астана — красивейший город, новая столица большой и сильной страны. Создавая новую Астану, он видел сильную, динамичную и открытую всему миру страну. Он открыл Казахстан для мира и мир для Казахстана. Астана становится символом будущего государства и его решительного обновления, — сказал на конференции Николай Буров, профессор, директор Государственного музея-памятника «Исаакиевские соборы» из Санкт-Петербурга.

Далее он восторженно поделился впечатлением от Музея Первого Президента РК.

— Музей замечательный. Он молодой, но, с другой стороны, он очень умный и целеустремленный. В нем есть замечательная энергетика. Мне понравились те уникальные предметы, подарки Казахстану от ряда государств. Думаю, очень уместно было начать собирать сразу, не потеряв ничего, — высказал свое мнение гость из Санкт-Петербурга.

К слову сказать, у этого музея весьма обширные международные связи по всему миру.

— Особой популярностью среди наших отечественных и зарубежных коллег пользуется проект «Диалог посредством культуры». Все великолепие культуры народов мира представлено в проектах нашего музея. И все они нацелены на будущее, — поделилась информацией Ботагоз Каипова.

По ее словам, в них во всем великолепии

Татьяна Казанцева

ҚҰРМЕТТІ ЛЕГИОННЫҢ ҮЛКЕН КРЕСТІ ОРДЕНІ

Мемлекет басшылары арасындағы іс-сапар кезіндегі сыйлық алмасу дәстүрі ежелгі заманнан бері қалыптасып келеді. Бүтіндей бір мемлекеттің бетке ұстар азаматтарының бір-біріне деген сыйластығы, қарым-қатынасының нәтижесінде бұл үрдіс жүзеге асқан. ҚР Тұңғыш Президенті Музейінде сондай жәдігерлердің неше түрлерін кездестіруге болады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына әртүрлі мерекелік күндер мен оқиғаларға байланысты салтанатты қабылдау рәсімдері кезінде және кездесулер мен келіссөздер, ресми сапарлар барысында табыс етілген сыйлықтар, кескіндемелер, мүсіндер, сонымен қатар, қолданбалы өнер туындылары соның айғағы. Солардың ішінде біз бүгін сіздерге Француз мемлекетінің сыйға тартқан «Құрметті легионның Үлкен кресті» ордені жайлы айтқалы отырмыз.

Француз «Құрметті легионның Үлкен Крест Ордені» ұлттық марапаттаулардың ішіндегі әлемдегі танымал ордендердің бірі болып табылады. Үлкен крест – Құрметті легион орденінің жоғары құндылығы, әскери және азаматтық еңбегі үшін ел Президенті беретін Францияның ең құрметті марапаты. Орденді 1802 жылы 19 мамырда мемлекеттік қайта құру барысында Құрметті легионның негізін салған Наполеон Бонапарт болатын. 1804 жылы 15 шілдеде 5000-ға жуық адамдарға алғашқы орден табыс етілді.

Алғашқы үлгісінде ақ жылтырмен қосарланған сәулелі жұлдыздар бейнеленді.

Жұлдыздарды мөлдір де жасыл жылтыр түстер жауып, емен және хош иісті жапырақтар шеңбері қоршап тұрды. Орденнің ортасында Наполеонның көк жылтыр түсті сақинасы ішкі жағына қарай орайластырып, ал сақинаның жан жағында «*NAPOLEON EMP. DES FRANCAIS*» деген жазу бар. Арғы бетінде император бүркітінің суреті ортасына қарай орналастырылған және сақинада мынадай сөз жазылған: «*HONNEUR ET PATRIE*».

«Құрметті легионның Үлкен Крест Орденінің» Орденнің үш дәрежесі бар: кавалер, офицер, командор; екі құндылығы: жоғары офицер және Үлкен крест кавалері.

1962 жылдан бергі нұсқасына байланысты бессәулелі күміс және алтын, ақ жылтырмен қосарланған сәулелі жұлдыздар бейнесімен ерекшеленеді. Жұлдыздарды мөлдір де жасыл жылтыр түстермен жабылған. Сонымен қатар, емен және хош иісті жапырақтар шеңбері қоршап тұрды. Таңбаның ортасында алтын медалмен көмкерілген әйел бейнесінің қырынан қарағандағы пішіні көрсетіліп, сақинаның жан-жағында көк жылтыр түспен қоршалған мынадай жазу бар: «*REPUBLIQUE FRANCAISE*». Ал, төменгі жақтарында бес жұлдызбен бейнеленген. Медалдың шет жағында жалаулар мен байрақтардың суреттері бейнеленіп, ал көк жылтыр түсті сақинада орденнің ұраны жазылған: «*HONNEUR ET PATRIE*» (жоғарысында) және мекеменің мезгілі көрсетілген: «*29 FLOREALAN X*» (төменде).

«Құрметті легионның Үлкен Крест Ордені» 2008 жылы 11 маусымда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына Франция мемлекетіне ресми іс-сапармен барған кезінде достық қарым-қатынасты дамытуға үлес қосқаны үшін берілді.

Зылиха САЛИХ

Қадірлі оқырман қауым!

Ғасырлар тоғысында адамзат қоғамы дамудың жаңа сатысына көтеріліп, озық мәдениеттің қанат жайып келе жатқаны белгілі. Қалың жұртшылықты көптеген пайдалы әрі қызықты ақпараттары мен экспонаттарымен тартымды етуі үшін күні кеше ғана ашылған ҚР Ұлттық музейінің жұмыс жасай бастағанына да көп бола қойған жоқ. Артынша бір жарым ай өтісімен енді міне Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің он жылдығын республика деңгейінде атап өттік. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу кезінде мұражай жәніндегі білімін толықтырып қана қоймай, іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік беретін бүгінде мұражайлардың қызметі, мағынасы мен сипаты тұрғысынан өзара тығыз байланыста. Сол себептен, оқырмандарымызға журналымыздың бұл жолғы нөмірінде мұражайларға қатысты өзекті әрі танымды материалдар ұсынылып отыр.

Халық игілігіне айналған Ата Заңның мемлекетіміздің басты төлқұжаты саналғалы қашан. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтып өткендей, елдігіміздің алтын арқауы, толағай табыстарымыздың бастау қайнары болып қала бермек.

Әлемдік мәдениеттер өркениеті қай халықтың болсын қол жеткен табыстары мен қызметі, өзіндік ерекшеліктерінің жетілу деңгейінің негізінде ұзақ дамудан өтті. Сол себептен мәдениет ұғымы тарихи қалыптасу жолында қоғамдық өмірдің сипатына ие болды. Жеке адамның өмір сүру мақсатына айналды және оның қоршаған ортамен қарым-қатынасының нәтижесінде ерекше құбылыс ретінде танылды. Әлемдік мәдениетке қатысты жазылған мақала да осы жолғы журналдан орын алды. Қазақстан жерінде мекендеген Ботай мәдениеті, қазақтың ұлттық аспабы жетіген, ұлы ойшыл бабамыз Қорқыт ата, мұражайлар қызметі мен ерекшеліктері және т.б. қажетті мәліметтерді журналымыздан оқуға болады.

Қадірлі оқырман қауым! Сіздерді алда келе жатқан ұлық мерекеміз 30 тамыз – Конституция және 1 қыркүйек – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Құрметпен,
Әсем САҒИҚЫЗЫ

«КӨКДӨНЕН КӨҢІЛ ЗАУЛАЙДЫ АҢСАРЫМ АУСА»

Кеудеден төгілген кәусәр жырларымен, артына қамшы салдырмай құйындай шапқан қазақтың аузы дуалы ақындары қашанда жүйріктердің жүйрігі екені даусыз. Шабандоз шыңына шығып, бұрқанған сезімге ерік берген ақындарға қандай мақтау айтсақ та жарасып-ақ тұрады. Кей кездері олардың көзімізге үнемі бітімі бөлек сәйгүлік тұлпарларды мініп жүргендей елестейтіні тағы бар...

Біз бүгін сол небір жүйріктердің ізін қуып, тарландай оза шапқан ақындар әулетінің ұрпағымен әңгіме құрмақпыз. Белгілі айтыскер ақын, филология ғылымдарының кандидаты, республикалық айтыстардың жеңімпазы Серікзат Мақсұтұлы Дүйсенғазымен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз, ендеше.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты, республикалық
айтыстардың жеңімпазы

– Серікзат Мақсұтұлы, әңгіменің төркінін күрделі ой еңбегіңіздің жемісі саналар шығармашылық турасынан бастағанды жөн көріп отырмыз. Өзіңіз білесіз жырман сусындатып, отты өлеңмен халықтың жүрегіне жете білу оңай емес. Дегенмен, оқырмандарыңызға өлеңдеріңіздің мазмұны мен идеясын жеткізуде басты кезекте нені көздейсіз?

– Менің түсінігімде өлең деген ерекше бір тылсым нәрсе. Ол ешқандай түсіндіруді қажет етпейді. Өлең ол – бір сәттік көңіл күйдің көрінісі, кісіге Алла Тағаланың құдіретімен адам бойынан төгілетін шығармашылық күй. Егер жүрегіңнің түбінен шыққан өлеңді халық жылы қабылдап жатса, ақын ретінде одан үлкен құрмет жоқ. Менің өлең жазған өлеңдерім келесі бір жанға ұнап жатса, демек ол да дәл мендей күйді басынан кешкені деп түсінемін. Мәселе осында. Оқырмандардың талғамы әртүрлі. Кейбір оқырмандар махаббат лирикасын, ал бәзбіреулері философиялық лириканы және т.б. оқығанды ұнатып жатады. Көпшіліктен не себептен мұңды өлеңдер жазатыным туралы жиі сұрақтар қойылады. Негізі бұл менің шығармашылығымның бір бағыты ғана, басқа тақырыптарда да туындыларым дүниеге келіп жатыр. Жалпы лириканы жақсы көрем. Көп жағдайларда табиғат,

махаббат лирикаларына тән өлеңдер жазатыным содан болар. Өмірдің болған соң ақынның мұңайған сәтте туған шығармаларының болуы заңды. Тіршілікте барлығы соншалықты жақсы болып, жайнап тұрса кезінде ұлы Абай философиялық ой қозғамас еді, Мағжандай қайсар ақын «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп зарламас еді ғой. Бірде ақын досым Қалқаман Сариннен жастар жалғыздық туралы мұңды өлеңдерді неліктен көбірек жазатыны жөнінде білгілері кеп сұрапты. «Сіз өмірде жалғызсыз ба?» дейді ғой баяғы. Сөйтсе Қалқаман: «Жоқ, өлең жазып отырған сәтте ғана жалғызбын» деп жауап беріпті.

– Сіз бір сөзіңізде поэзиямен діңгегі бір болғанымен, жапырағы бөлек өнерге, яғни айтысқа кеттім депсіз. Бүгінде қазақтың табиғатымен біте қайнасқан айтыс өнері жайлы бұлай ой қорытуыңызға себеп неде? Әлде халықтық дәстүр болғандықтан ба?

– Қоғамда поэзия мен айтысты бақталастырып, салыстыратындар бар. Поэзия әлемдік деңгейдегі бекзат өнер, саф өнер, ол адам жаралғаннан бері келе жатыр. Абай айтқандай, «дүниенің есігін ашқан» өлең. Ал, айтыс өнері түркі халықтарына, оның ішінде қазақ пен қырғызға ғана тән. Біздің қанымызбен

жаралып, рухымызбен таралған дәстүрлі, синкретті өнер. Айтыс – ақындықтан бөлек театрмен тығыз байланыста, яғни, үлкен сахналық шеберлікті талап етеді. Оған қоса домбырашылық пен әншілік қасиетті қатар игеруің қажет. Енді осыларды қалай салыстыруға болады? Поэзия мен айтыс өнерін салыстыруға өз басым қарсымын. Екі өнерді алып қатар жүргеніммен, көп уақытым айтысқа арналды. Себебі, айтыскер ақындар әулетінің жалғасымын, ата-бабаларым айтыс ақындары болған. Айтыс жанрына жазба поэзия арқылы келдім. Ал поэзия «махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады» деген ұстанымның мен үшін орны бөлек.

Ұлттық өнердің аса құнды мәйегі саналған айтыс өнері жайында көптеген ғалымдарымыз зерттеп келді. Кейбір деректерге сүйеніп қарайтын болсақ, айтыс өнері есте жоқ ескі замандарда қалыптасқан және халық ауыз әдебиетінің бір саласы болған. Заманының дүлдүлдері Сүйінбай, Біржан, Жанақ, Шөже, Кемпірбай, Құлмамбет, Сара сынды саңлақтар кезінде қоғамның келелі мәселелерін ашып айтқан. Осылайша атадан балаға мұра боп жеткен айтыс жайындағы бүгінгі кейбір зиялыларымыздың түсінігі төмен болғанына қынжыламын. Кеңес Одағы кезінде құлдыраған өнер тәуелсіздігімізбен бірге қайта түлеп, халықпен қауышып жатқан тұста арзан ойдың жетегінде кету меніңше, дұрыс емес.

Қазіргі айтыстың даму деңгейі жайлы айтсақ, технология дамыған заманда айтыс әлі баяғы қалпынша өмір сүріп жатыр. Баяғы ақындар, баяғы көрермен, өткір өлең, қоғамның қордаланған мәселелері ешқашан таусылмайды. Бір атап айтарлығы бұрынғы заманның айтыстарына қарағанда, қазіргі заманның айтыстарының таралуы оңай. Өйткені қазір эфиден жылт еткен айтыстың барлығын ел бағып отыр. Өрімдей жас ақындар кешегі алпауыт шайырлардан да танымал болып жатыр. Тек тағы бір қынжылтатын тұс – аға буын өкілдерінің айтыстан шеттеп қалуы. Кемеліне келген, білім-білігі толысқан, парасат биігінен сөйлейтін аға-апаларымыздың айтыстың додаларына атсалысып жүргені дұрыс еді. Кезінде Нартай, Кенен ақындар сексен, тоқсанға келгенше солай жүрді емес пе? Ал қазіргі айтыс өнеріне бет бұрған жас ақындардың көпшілігінде әлі албырттық басым. Сол себептен кей жағдайларда олардың адуындап айтқан өлеңдері айтыстың ары қарай ұйымдастырылуына зияны тиіп кетіп жатады. Шындықты айтудың да жөні бар. Шындық айттым екен деп шектен шығуға болмайды ғой. Кейде айтыстың жолы жабылып, кемшіліктері көрініп жатса, бұл мәселе өзіміздің ақындарға да тікелей байланысты ма деп ойлаймын. Айтылар шыншыл ой асқан шеберлікпен, «майдан қылшық суырғандай» астармен жеткізілгенде ғана тыңдарман көңілі марқайып, тұшымды ой түйеді. Кезінде Абай ақын қоғамның теріс қылықтарын үлкен парасат пен мәдениеттің биігінен жеткізіп кетті емес пе? Міне, тапқырлықтың, айта білудің үлгісі сол болуы тиіс. Ел ішіне іріткі тудырмайтын,

айшықты ой, саналы сөз суыра отырып әдемі әзілін де айта білетін ақындарымыз көп болса екен деймін. Ал, ақиқат деген тек Алланың тарапынан болатын абсолютті ұғым. Ақиқаттың биігіне адам талмас ізденіспен, кемел біліммен ғана жетеді.

– Кез келген шығармашылық адамның жүрегіне жақын шоқтығы биік туындылары болады. Сіз шығармаларыңыздың қайсысын атар едіңіз? Болашақта әлемдік поэзияны жаулап алатындай жауһар дүниелер тудыру да ойыңызда бар шығар.

Қазіргі уақытта XIX ғасырдағы қоғамның шындығын өзінің уытты жырларына арқау еткен ақын Дулат Бабатайұлының шығармашылығын зерттеп жүрмін. Бұл да шығармашылығымның бір парасы. Поэзияға келсек, менің балалық шағымды суреттейтін: «Түсімде түгіл өңімде бәйгені көрсем, Көкдөнен көңіл заулайды аңсарым ауса» деген өлең жолдарымен аяқталатын «Көк дөнен» деген өлеңім бар. Осы өлеңіммен республикалық мүшәйрада жүлделі болдым. Балалық шағым суреттелетін болғандықтан осы өлеңім жүрегіме жақын. Ал, айтысқа қатысты айтсақ, 1996 жылы Жамбыл атамыздың 150 жылдығына орай өткізілген облыстық айтыста жеңімпаз болғаным есімнен кетпейді. Сол жолы Алла оңдап, бас жүлдеге ие болдым. Одан кейін талай республикалық айтыстарда жеңімпаз болдық қой. Бірақ сол облыстық айтыстың мен үшін орны бөлек.

Жалпы әлемдік деңгейге көтерілуді аңсамайтын шығармашылық адамы кемде-кем шығар. Поэзияның биігіне шығуды аңсап, әлемде қаншама небір дүлділ ақындар бұл дүниеден өтіп кетті. Бірақ, олардың біразының бүгінде аттары да аталмай, сол күйінде ұмытылып қалып қойды. Өмірден өткен соң мойындалған ақындар да бар. Өз заманында Қасым да, Мұқағали да лайықты мойындалған жоқ. Мен сол абыздардан артық па екем? Бірақ «үмітсіз шайтан» деген тағы бар. Бәлкім бір биікке жетермін, шамам келгенше тырысырмын... Оны уақыт көрсетеді.

– Ақындық ортаға қалыптасу үшін не қажет деп ойлайсыз?

– Ақындық орта қалыптасу үшін алдымен ақындар арасында ауызбірлік қажет. Шығармашылық адамдардың ортасында осы мәселе қиындау. Қазір Астанада ақындардың бір шоғыры қалыптасып келеді. Бұл қуанарлық жайт. Ауызбіршілік бар жерде, бақ-береке де қатар жүреді. Шығармашылығы елге жетіп жатқан ақынға одан артық қазына-байлықтың керегі жоқ..

– Сүбелі сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Әсем САҒИҚЫЗЫ

«МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҢТАЙЛЫ ШЕШУ ҮШІН БЕТБҰРЫСТЫ ЖОСПАР ҚАЖЕТ»

Тіл — тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол — ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры да. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған.

Қазақ тілінің тағдыры, болашағы кеудесіндегі жүрегі қазақ деп соққан әрбір азаматты алаңдатары айдан анық. Бүгінде Елбасының Қазақстан халқына жолдауында белгіленген басым бағыттардың бірі — барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылып отыр. Осы орайда қазақ тілінің даму сатысына байланысты түрлі бағдарламалар жасалып, оңды нәтижелер шығуда. Аталмыш іс-шаралардың басы қасында жүрген, ана тіліміздің өсіп өркендеуіне біршама атсалысып жатқан ұйымдар да жетерлік. Солардың арасында Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасын айтуға болады. Басқарма басшысы Ербол Тлешов пен жүздесіп, атқарылып жатқан жұмыстармен танысып қайтқан болатынбыз.

Ербол Тлешов

Астана қаласының Тілдерді дамыту
басқармасының басшысы

— Қазіргі таңда тілдерді дамыту мәселесіне байланысты қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

— Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейтудің басты бағыттары мен міндеттері «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қарастырылып бекітілген. Осы бағдарламаға сай қалалық іс-шаралар жоспары да бекітілген. Осыны өз жұмысымызда басшылыққа аламыз. Жұмысымыздың негізгі бағыттарының қатарында мемлекеттік тілге деген қажеттілікті арттыру, мекемелерде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, насихаттық және танымдық шаралар ұйымдастыру, тіл үйрету әдістемесін жетілдіру, ересектерге тіл үйрету курстарын ұйымдастыру сияқты жұмыстар жатады.

